

## Күршім ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 254 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күршім ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № "2015 жылға Күршім ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 3634 болып тіркелген) № 3549 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Күршім ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы "2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қаңтарда № 3640 болып тіркелген) № 3550 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі "Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы № 62 "Күршім ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда № 3958 болып тіркелген) № 139 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Күршім ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 мамырдағы "Күршім ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы "2015 жылға Күршім ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" № 3549 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" (Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 мамырда № 3969 болып тіркелген) № 150 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің аппарат басшысы А.Абилмажиновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы

М.Қалелов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК